

прав и свобод граждан и юридических лиц, повышения качества предоставления государственных услуг населению, упрощение системы государственной регистрации прав на недвижимое имущество.

Список литературы:

1. Государственная регистрация прав на недвижимое имущество // <http://bibliofond.ru/view.aspx?id=707857>
2. Гражданское право: Учебник, под ред. А. П. Сергеева, Ю. К. Толстого, М.: Проспект. - Т. 2. - 2000. – 401 с.
3. Закон Республики Казахстан «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» от 26 июля 2007 года № 310 // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000310_
4. Турлыханова Г. Оптимизация услуг// <http://www.zakon.kz/4768611-optimizacija-gosuslug-gulmira.html>
5. Кущенко В.В. Правовой режим недвижимости: проблемы и пути их решения // Законодательство и экономика. - 2006. - № 10. - С.2-3.

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РАТИФИКАЦИЯЛАҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕЦИЯЛАР

*Акимжанова М.Т., з.ғ.м., заң факультетінің докторанты,
академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Бала құқықтары мәселелері әлемдегі барлық балалардың жағдайларын анықтайтын негізгі санаты болып табылады. Бала құқықтарын қорғау бұл мең әлеуметтік ережелердің қоғам тарапынан қамтамасыз етілуі және қорғалуы. Әрбір ұлттың және адамзаттың болашағы тікелей өскелең ұрпақтың қолында, сондықтан бала құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың негізгі бөлігі болып табылатындығы күмән туғызбайды.

Бала құқықтарын халықаралық қорғау дегеніміз - бұл мемлекеттер мен мемлекеттік емес ұйымдардың бала құқықтарын ұлттық заңнамада бекітілуіне және қамтамасыз етілуіне, баяу дамыған мемлекеттерге бұл мәселе бойынша халықаралық көмек көрсету туралы өзара келісілген әрекеттер жүйесі.

Айта кететін жайт, бала құқықтарын халықаралық қорғау өз қызметін келесі бағыттарда жүзеге асырады, бұл бала құқықтары туралы халықаралық стандарттарды бекітуге бағытталған декларацияларды, конвенцияларды, резолюцияларды әзірлеу; бала құқықтарын қорғау жөніндегі арнайы бақылаушы органды құру; ұлттық заңнаманы халықаралық міндеттемелерге сәйкес келтіруіне жәрдемдесу. [1, 80-84].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы халқымыздың өмір сүру деңгейін халықаралық стандарттарға сай болуы әсіресе бала құқықтары мен олардың дамуын жетілдіру бағыты бойынша қыруар жұмыс жасалуда. Оған Елбасымыздың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы дәлел. Жолдау ішінде Н.Назарбаев ұлттық саясаттың негізгі басымдылығы ретінде балаларды қорғауды атап айтқан болатын. Сондай-ақ, еліміз 2014 жылы экономикасы дамып келе жатқан елдердің үздік 10 елдердің қатарына кіргені және бұл мемлекетіміздің балаларды қорғауға бағытталған шағыстарымызды ұлғайтып, бала жөніндегі жаңа бағдарламалары іске асыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Бала құқықтарын қорғаудың халықаралық құқықтың негізін 1959 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымдарының Бас Ассамблеясымен қабылдаған Бала құқықтары Декларациясы құрайды. Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық құқықтық актілердің бірі ретінде 1989 жылы 20 қарашада қабылданған және біздің елімізбен 1994 жылы бекітілген Бала құқықтары туралы Конвенцияны айтуға болады. [2] Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі бұл халықаралық Конвенция, бала құқықтары алғаш рет халықаралық құқығының нормасы ретінде бекітілген, бүкіл әлем таныған алғашқы құжат. Ешқашан бір құжатта біріктірілмеген азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдениеттік құқықтар осы конвенцияда қосылған болатын. Баланы құқықтың дербес субъектісі ретінде таныған Конвенция, Қазақстан Республикасы және өзге де қатысушы мемлекеттер алдында баланы қоғамдағы өмірге дайындау, баланы әлемге тиісті етіп тәрбиелеу сияқты тапсырмаларды жүктейді.

Конвенцияға қосымша ретінде Қазақстан Республикасы екі Хаттаманы: балаларды сатуға, балалар жезөкшелігі мен порнографиясына қатысы Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттамасын және балалардың әскери қатығыстарға қатысуына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттамасын ратификациялаған болатын. Айтылған құжаттар соңғы уақытта күшейіп келе жатқан қаруландырылған қатығыстарға (Афганистан, Сирия, Судан, ж.т.б.) кәмелеттік жасқа толмағандарды тартуға қарсы жауап қабылданған болатын. Сондай-ақ балаларды сексуалдық әрекеттерге пайдаланудың кең етек жайуының қауіптілігі кем емес. Бағалау бойынша миллиондап табыс әкелетін заңсыз сексуалдық бизнеске жыл сайын бір миллионнан аса бала түседі. Біреулерін күш қолданып мәжбүрлейді, өзгелерін ұрлап немесе алдап бизнеске пайдаланады. Кейбіреулерін жезөкшелікпен айналысуға өмір сүру жағдайларының төмен болуы душар етеді. Кез келген жағдайға қарамастан бұндай әрекеттер өмірге өте қауіпті: баланың қадыр қасиетіне қалпына келтірілмейтін зиян тиеді, физиологиялық және моральдық тұрғыдан денсаулыққа зиян келтіріледі, баланың болашақта дамуына қауіп төнеді.

1999 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ аясында қабылданған Шетелдегі алименттерді өндіріп алу туралы Конвенцияға қосылған болатын [3]. Ата-ана мен бала арасындағы алименттік міндеттемелер баланың тұрақты өмір сүріп жатқан мемлекетінің заңнамасы аясында реттеледі. Еліміз ТМД құрамындағы мемлекетермен кәмелеттік жасқа толмаған балаларға алименттік төлемдерді өндіріп алу туралы Конвенцияны ратификациялаған болатын. Қазіргі уақытта алименттерді өндіріп алу мәселелері бойынша мемлекет аралық қатынастар халықаралық құқық бойынша 23.11.2007 жылы Гаага конференциясында қабылданған халықаралық тәртіпке сай балаларға және өзге де отбасылық асырау формалары бойынша алименттік төлемдерді өндіріп алу туралы Гаага Конвенциясымен реттеледі.

Біздің ойымызша Қазақстан Республикасының халықаралық тәртіпке сай балаларға және өзге де отбасылық асырау нысандары бойынша алименттік төлемдерді өндіріп алу туралы Гаага Конвенциясына қосылуы орынды, өйткені бұл Еліміздің балаларды қорғау жөніндегі саясатына сәйкес келеді. Сондай-ақ Конвенцияны ратификациялаудың нәтижесінде Республикамыз алименттік төлемдерді өндіріп алу туралы қатынастарын 32 мемлекет пен ЕуроОдақ елдерімен орнатады. Осыған қоса конвенция Конституция мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді және ратификациялау кезінде қосымша бюджеттік шығындары қажет етпейді.

Осыдан кейін Халықаралық еңбек ұйымының № 182 бала еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу туралы Конвенция ратификацияланған болатын (2002 ж). Конвенцияға сәйкес «бала» термині 18 жасқа толмаған тұлғаларға қолданылады, «бала еңбегінің ең нашар түрі» деп кез келген құлдық нысандары, балалардың жезөкшелікпен айналысуы, порнографиялық материалдарды өндіру, құқыққа қарсы әрекеттер, соның ішінде есірткі заттарды жасау немесе сату, өзінің табиғаты бойынша баланың қауіпсіздігіне, денсаулығына, адмагершілішіне зиян келтіретін жұмыс деп аталады. Осыған байланысты Қазақстан елімізде өзіне осындай мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік саяси және әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі біршама міндеттемелерді орындауға бел буды. [4,35-36]

2004 жылдың қараша айында Қазақстан БҰҰ-ның адамдар саудасы және үшінші тұлғалар арқасында жезөкшелікпен айналысуға қарсы күрес туралы Конвенцияға қол қойған болатын. Конвенция құлиеленеушілікке ұқсас балалар еңбегін пайдалану институтына тыйым салады. Бұл дегеніміз кез келген институт немесе дәстүр бойынша кез келген 18 жасқа толмаған тұлғаның ата-анасының біреуімен немесе екеуі бірге белгілі бір сыйақы немесе асыраушының басқа бір адамға сыйақы немесе онсыз еңбегін пайдалану.[5, 260] Конвенция адамадар саудасы үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейді.

Қазақстан Республикасы 2010 жылы балаларды қорғау мен шетелдік асырап алу жөніндегі ынтымақтастығы туралы Конвенциясын ратификациялады [6]. Бұл қадам, ең алдымен, біздің мемлекетімізге осы Конвенцияға қол қойған және қосылған көптеген басқа елдермен қатар шетелдіктер асырап алған балалардың, Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға рұқсат берді. Аталған қадам 2012 жылы 18 қаңтарда заңдық күшіне енген «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексында Конвенцияның нормаларының көрінісін талап етті. Баланы тек Қазақстанмен халықаралық міндеттемелері тең елдер асырап алуымен ерекшеленеді. Әр бала өмір сүруге және отбасында тәрбие алуға құқылы, егер бала Қазақстанда асырауға алынбаса ғана, заң актілеріне сәйкес шетелдік асыраушыларға бала асырап алуға беріледі. Тағы бір маңызды айта кететін жайт бірде-бір шетелдік асырап алушы баланы таңдай алмайды, бұл уәкілетті органның құзыретіне беріледі.

Қазіргі жағдайда балалардың тәрбие алулары мен тұрғылықты жері туралы даулар халықаралық некеде кең етек жайған. Осыған байланысты соңғы уақытта баланы ұрлау, баланы шетелге шығару ата-анасының біреуінің басқа елде тұруына байланысты жиіленіп кетті.

1980 жылы 25 қазан айында Гаага конференциясында Халықаралық жеке құқыққа байланысты балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияда әр түрлі елде тұратын немесе әр түрлі елдердің азаматтары болып табылатын ата-аналар арасындағы балаларды тәрбиелеу туралы дауларды тиімді шешу сұрақтары қарастырылған.[7] Осы Конвенцияда біздің елеміз де қатысушы болды. Конвенция 2013 жылы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында күшіне енді. Конвенция мынадай жағдайларда қолданылады: егер бала 16 жасқа толмаған болса; ата-ананың біреуінің баланы ұрлау/ұстап отыруы қорғаншылық (жалғыз немесе бірлескен) құқығын немесе Конвенцияның 3-бабында көрсетілген екінші ата-ананың қол жеткізу құқығын бұзады; егер ұрлау/ұстап отыру уақыты бір жылдан кем болса; Конвенция Қазақстан Республиканың бала асырап алған немесе Қазақстан Республикасы асырап алған елмен.

Кишинев қаласында қабылданған (2002 ж.) ТМД аумағында азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қарым-қатынас Конвенциясына Армения, Белоруссия, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан және Украина қол қойды.

Балалардың құқықтары туралы Қазақстанмен ратификацияланған халықаралық шарттар мен БҰҰ Конвенциясын ескере отырып, республикада балаларға жағымсыз әрекеттер, зорлық-зомбылық көрсетпеу жағдайларын жасау, балаларды қорғау туралы кешенді жүйе дамытылған.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, Қазақстан Республиканың құқықтық негізі балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі жалпы қабылданған халықаралық стандартқа сай екендігін атап өткен жөн. Бірақ, Конвенцияда ұлттық заңнамада жүзеге асыруы мүмкін емес нормалар қатары бар. Осыған орай, босқын балалардың құқықтарын қорғау сұрақтары шешілмеген. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабында босқын-балалардың және оралмандар өз құқықтарын қорғау құқықтары бар екендігін қарастырады [8]. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары, территориялды көші-қон қызметі органы баланың орналасқан жері бойынша оның ата-анасымен немесе заңды өкілімен тұратыны жайында мәліметтер алады, қажет болған жағдайда баланы бала құқықтарын қорғау функциясын атқаратын емдеу-профилактикалық немесе басқа да ұйымдарға орналастырады. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңы босқындарға атаулы әлеуметтік көмекке құқықтарын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасындағы шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, босқындарға, тұрақты немесе уақытша тұратындарға медициналық көмек көрсету ережелеріне сәйкес, босқындар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқылы. Сонымен қатар, босқын балаларға мемлекеттік көмек пен әлеуметтік қорғау жүйеліндірілмеген.

Дегенмен, басқа да құқық қорғау келісімдеріне қарағанда, Конвенциядағы бала құқықтары жайындағы норма ұлттық заңнама процесінде іске асырылуда, сондықтан да халықаралық стандарттар әлі ұлттық құқықтық жүйеден қашықтықта орналасқандықтан Конвенция нормаларын толығымен іс жүзінде жүзеге асыру үшін «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы іске асыру тәжірибесінде халықаралық келісім шарт нормаларының ұлттық заңнамада жаңа үлгілерін іске асыруға ықпал етуі мүмкін, әлі де көптеген ережелер енжар болып табылады.

Балалардың қоғам өміріне белсенді қатысуы, дамуы, алға жылжуы мен заңды құқықтарын қамтамасыз етуі емес, бала мүдделерін барынша жоғары қорғау, олардың қоғамдағы басымдығы және ересектермен бала құқықтарын тану халықаралық конвенциялардың басты мақсаты болуын қалаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Герасименко Ю.В., Агеева А.В. Международные правовые стандарты в области защиты прав детей. Вестник Алтайской академии Экономики и права. - 2012. - Вып.3(26). - С.80–84

2. «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_

3. «Қазақстан Республикасының Шет елде алиментті өндіріп алу туралы конвенцияға қосылу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 33-II// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000033_

4. Ахметова С. Дети без детства. // Республиканский общественно-политический журнал. Мысль. - 2007. - № 6.

5. Международные акты о правах человека: Сб. документов. М., 1998. – 260 с.

6. «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 12 наурыздың № 253-IV Заңы /http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000253_

7. «Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қарашадағы № 48-V Заңы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000048>

8. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Қазақстан Республикасының Заңы (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)// http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460#activate_doc=2

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА О СРЕДСТВАХ ИНДИВИДУАЛИЗАЦИИ УЧАСТНИКОВ ГРАЖДАНСКОГО ОБОРОТА, ТОВАРОВ И УСЛУГ

Аманбаева А.Б., магистрант юридического факультета

*Киздарбекова А.С., к.ю.н., доцент, заведующая кафедрой гражданского и трудового права
КарГУ им. академика Е.А. Букетова*

Одним из разновидностей интеллектуальной собственности являются средства индивидуализации участников гражданского оборота, товаров и услуг. История зарождения и развития данной конструкции насчитывает несколько веков. Первым нормативным актом, урегулировавшим отношения по поводу товарного знака, считается акт, принятый английским парламентом, который установил обязанность любого пекаря проставлять на своем изделии знак, который бы отличал его изготовителя, т.е. идентифицировал бы его [1]. Следует отметить, что истоки зарождения современного товарного знака отнесены ко времени правления Римской империи, когда жители отдельных провинций наносили на изготовленные ими масляные лампы клеймо и повторяли заказы на те лампы, которые были наилучшего качества по сравнению с аналогичными изделиями других мастеров [2]. При этом следует отметить, как указывает В. М. Мельников, что товарные знаки как объект отношений, который был бы урегулирован нормами права, в зарубежном законодательстве были достаточно редким явлением вплоть до развития промышленного производства. Более того, по его утверждению, появлению законов о товарных знаках предшествовала определенная судебная практика. В этой связи автор указывает на решение королевского суда Англии от 1656 года по делу «Southern V. Ного» в отношении права на товарный знак для маркировки одежды [2]. В Германии в 1723 году Мейсенская фабрика объявила своим клеймом для маркировки изделий сочетание букв «KPM» и рисунок мечей, которые являются элементом герба Саксонии. Именно этот момент был приурочен к введению в Германии регулярной маркировки. Во Франции с 1766 года в обязанность любого производителя фарфора входило нанесение на произведенные ими изделия отличительные знаки, которые должны были быть зарегистрированы в полицейском участке.

Только со второй половины XIX века товарные знаки как средство индивидуализации товаров стали объектом регулярного внимания законодателей большинства зарубежных стран. Так, инициатором явилась Франция, которая в 1857 году принимает Закон о товарных знаках. В дальнейшем ее примеру последовали еще семь стран, принимая национальные законы, регулирующие отношения по поводу товарных знаков. В этой связи возникла объективная необходимость урегулирования данных отношений на международном уровне, вследствие чего 14 апреля 1891 года было заключено Мадридское соглашение о международной регистрации знаков[3].

На сегодняшний день практически все развитые страны имеют в системе национального законодательства специальные законы о товарных знаках (Германия – Закон о товарных знаках 1994 года, Великобритания – Закон о товарных знаках 1994 года, пришедший на смену Закону